

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Шақпақ" негізгі орта мектебінде "Отбасы- бақытты мекені" тақырыбында әжелер алқасымен бірлесе отырып ата-аналар жиналысы өтті. Кездесудеге мектеп оқушыларының ата - аналары қатысты. Негізгі арқау болған тақырып "Отбасындағы әкенің рөлі" деген тақырыпқа тоқталдық.

"Құранда" Еркектерді биік қылып жараттық, әйелдер еркектермен таласпасын. Олар несібесіне қанағат қылсын " делінген.Оны жоғары қылып жаратудың себебі, табыс табушы еркек әр табысын отбасымен бөліп жеу керек.

Ал әйел еркектің беделінің жоғары болуына мүдделі.

Отбасының тәрбиесі екеуіне ортақ болу керек.

Өз кезегінде сөз алған мектеп психологы Нұрматов Нұрлыбек бала психикасы отбасының бала көзінше дауыс көтеріп сөйлеуі, бір -бірін балағаттауы баланың жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, оның білім алуға деген құштарлығын сөндіретінін баса айтты.

Мектеп директоры Айжамал Азимбетова бала тәрбиесінде кететін кейбір олқылықтар жайлы сөз қозғады.

Әжелер алқасының мүшесі Хадиша Жиенкулова отбасындағы ананың рөлі туралы айтты.

Сөз соңында Баян Рымбекова бала тәрбиесінде әкенің қаншалықты маңызды екенін, бірнеше қанатты сөздермен толықтырып, әкенің тек қана қорғаны болып қоймай, өзі де балаларына үлгі болу керектігін атап өтт.

